

КҮМБІР ҚАҚҚАН КҮМБЕЗДЕР



ОЛЖА РУЫ ҚЫЗЫНЫҢ МАЗАРЫ -

Шажағай өзенінің бойында. Қалау үлгісі сайын даланың сәніне сай. Күмбірлеген күмбез.

Мазардың ішінде отау боп қаланған кішірек мазардың ұшы күмбезбен жалғасып кетеді. Мұндай отаулар ұзатылуға жакын қалғанда кенеттен қайтыс болған қыздарға қаланған.

СӘРСЕНБАЙ ҚАЖЫНЫҢ МАЗАРЫ

Ел Ақбейт деп те атайды, Өзіндік ерекшелігі бар күмбез. Төрт қабырғасында да есік бар. Дүниенің төрт алабына қараған есіктер екінші қабатында да бар. Сәрсенбай қажылыққа екі рет барып, елді ислам дініне ұйытқан тұлға.

